

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 қаңтар N 65

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрлері Кеңесінің шешімімен бекітілген, Қатысушы мемлекеттердің 2000-шы жылға дейінгі экономикалық тұтасуы бағдарламасына сәйкес және "Электробытприбор" акционерлік қоғамының қатысуымен ұлтаралық компания құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне төлем жасауға қабілеті жоқ кәсіпорындарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілетін төлем жасауға қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесінен "Электробытприбор" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы, алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінен "Электробытприбор" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін қайтарып алсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары